

**ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНДАРЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ**  
**Білім беру бағдарламасы: «8D02104 – Дәстүрлі музыка өнері»**  
**Мамандырылуы: «Халық аспаптар», «Халық әні»**

Докторантураға адамдарды қабылдау міндетті түрде шет тілін меңгерудің халықаралық сертификаты және ҚАЗТЕСТ болған кезде жүзеге асырылады.

## **I. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР**

### **1. МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН**

Мамандық бойынша шығармашылық емтихан жеке бағдарлама мен коллоквиумды орындауды қамтиды.

#### **Мамандандырылу «Баян, аккордеон»**

1. Полифония (2-бөлімді полифониялық цикл (3-дауыстан кем емес фугамен));
2. Күрделі құрылымды шығарма (барлық бөлімдері);
3. Виртуозды шығарма;
4. Қазақстан композиторларының шығармасы немесе баянға өңделген домбыра күйі.

#### **Мамандандырылу «Кыл кобыз»**

1. Күрделі құрылымды шығарма таңдау бойынша:
  - *А.Жайым Қобыз бен оркестрге арналған концерт (I, II бөлімдері);*
  - *А.Вивальди Скрипка мен оркестрге арналған концерт a-moll;*
2. Қазақстан немесе шетел композиторының шығармасы (пьеса);
3. Қорқыт ата репертуарынан 1 күй;
4. Ықылас ата репертуарынан 1 күй;
5. Қазіргі заман композиторының 1 күйі.

#### **Мамандандырылу «Прима қобыз»**

1. Күрделі құрылымды шығарма таңдау бойынша (I немесе II, III бөлімдері):
  - *П. Чайковский «Скрипка мен оркестрге арналған Концерт»;*
  - *А. Хачатурян «Скрипка мен оркестрге арналған Концерт»;*
  - *Я. Сибелиус «Скрипка мен оркестрге арналған Концерт».*
2. Шетел композиторының виртуоздық шығармасы:
  - *Ф. Ваксман Ж. Бизенің «Кармен» операсынан скрипка мен оркестрге арналған Фантазия;*
  - *Г. Венявский Ш. Гуноның «Фауст» операсынан Фантазия;*
  - *К. Сен-Санс «Интродукция және Рондо каприччиозо»;*
  - *Е. Цимбалист Н.А. Римский-Корсаковтың «Золотой петушок» операсынан Фантазия;*
  - *М. Равель «Сыған рапсодиясы».*
3. Қазақстан композиторының шығармасы.

### **Мамандандырылу «Домбыра»**

1. Таңдауы бойынша 2 күрделі формадағы шығарма және әр мектептен күрделі 10 күй

### **Мамандандырылу «Шертер, домбыра прима, домбыра бас»**

1. Күрделі формадағы 1 шығарма (концерт, соната I немесе II – III бөлімдер, фантазия);
2. Күрделі формадағы 1 шығарма (концерт I немесе II – III бөлімдер);
3. Жәй екпінде орындалатын орыс және Батыс Еуропа композиторларының шығармасы;
4. Тез екпінде орындалатын Орыс және Батыс Еуропа композиторларының шығармасы;
5. Қазақстан композиторларының шығармасы;
6. 3 күй (шертершілер үшін лайықталған).

### **Мамандандырылу «Сазсырнай»**

1. Күрделі формадағы 1 шығарма (концерт, соната I немесе II – III бөлімдер, фантазия);
2. Күрделі формадағы 1 шығарма (концерт I немесе II – III бөлімдер)
3. Жәй екпінде саз сырнайда орындалатын шығарма;
4. Сазсырнайда орындалатын Қазақстан композиторларының шығармасы;
5. Орыс және Батыс Еуропа композиторларының тез екпінде орындалатын шығармасы;
6. 2 халық күйі;
7. Халық немесе Заманауи композиторларының 1 күйі.

### **Мамандандырылу «Жетіген»**

1. Күрделі формадағы 1 шығарма (концерт, соната I немесе II – III бөлімдер, фантазия);
2. Күрделі формадағы 1 шығарма (концерт I немесе II – III бөлімдер);
3. Жетігенде жәй екпінде орындалатын шығарма;
4. Жетігенде орындалатын Қазақстан композиторларының шығармасы;
5. Орыс және Батыс Еуропа композиторларының тез екпінде орындалатын шығармасы;
6. 2 халық күйі;
7. Халық немесе Заманауи композиторларының 1 күйі.

### **Мамандандырылу «Сыбызғы»**

1. Күрделі формадағы 1 шығарма (концерт, соната I немесе II – III бөлімдер, фантазия);
2. Сыбызғыда жәй екпінде орындалатын шығарма;
3. Сыбызғыда орындалатын Қазақстан композиторларының шығармасы;
4. Орыс және Батыс Еуропа композиторларының тез екпінде орындалатын шығармасы;

5. Баян Өлгей аймағының 3 халық күйі;
6. Алтай – Тарбағатай өңірінің 3 күйі.

### **Мамандандырылу «Халық әні»**

1. Үш халық әні
2. Бес халық композиторының әні
3. Екі өзге аймақ әні
4. Екі Қазақстан композиторының әні
5. Бұрын-соңды орындалмаған халық әні немесе халық композиторының бір әні.
6. Бір терме және бір толғау орындау.

### **Мамандандырылу «Жыршы»**

1. ХҮ-ХІХ ғғ ақын-жыраулар шығармаларынан екі толғау;
2. Бір батырлар жырынан үзінді (7-10 мин);
3. Екі терме;
4. Бір хикая немесе мысал;
5. Өзге аймақтың бір терме немесе толғауы;
6. Бір терме (бұрын-соңды орындалмаған мақам-сарынмен).

### **Коллоквиум**

Коллоквиум талапкерлердің жалпы мәдени деңгейін, олардың эстетикалық көзқарастарын, музыкалық өнер саласындағы эрудициясын, музыка тарихының негізгі кезеңдері мен даму заңдылықтарын, өзінің мамандығы бойынша әдістемелік әдебиетті, музыкалық терминологияны, орындалатын шығармалардың мазмұнын, формалары мен стилистикалық ерекшеліктерін түсінуді анықтайды.

#### *Музыка тарихы мен теориясы бойынша сұрақтар:*

1. Музыкадағы жанр категориясы.
2. Полифониялық қатаң хаттың жалпы сипаттамасы.
3. Музыкалық тілдің элементтері. Әуен. Гармония. Метр және ырғақ. Фактура.
4. Музыкалық құрылымның классификациясы: негізгі түрлері.
5. Бағдарламалықтың түрлері, бағдарламалық шығармалардың жанрлары мен құрылымы.
6. XX ғасы музыкасындағы полифония құрылымы.
7. Фактура, оның түрлері мен функциялары.
8. Ұлттық композиторлық мектептер.
9. Драматургияның эстетикалық принциптері мен заңдары, Вена классикалық мектебінің музыкалық тілі.
10. ХІХ-XX ғғ. тоғысындағы орыс музыка мәдениеті.
11. XX-XXІ ғғ. шетел музыка мәдениетінің даму көрінісі. Негізгі көркемдік

ағымдары мен бағыттары.

12. Қазақ музыкалық мәдениетіндегі концерттік жанр эволюциясы.
13. Қазақ халқы ән жанрының даму тарихы (XIXғ.).
14. XX-XXIғғ. көпшілік музыка мәдениеті.
15. П.Чайковский мен Н.Римский-Корсаковтың опералық шығармашылығы.
16. Абай Құнанбаевтың музыкалық мұрасы, оның музыкалық-поэтикалық реформасы.
17. Қазақ музыкалық фольклорының жанрлық жүйесі.
18. Қазақстан музыкалық мәдениетінің дамуындағы А.Жұбановтың шығармашылық қызметі.
19. Қазақтың әдет-ғұрып фольклоры.
20. С.Мұхамеджанов шығармашылығындағы ұлттық дәстүр.
21. Өл-Фарабидің музыка туралы трактаты.
22. Қазақ операсының жанр эволюциясындағы дамуы.
23. Қазақтың дәстүрлі аспаптық музыкасы. Мектептер мен дәстүрлер.
24. XX ғасыр композиторлары шығармашылығындағы қазақ симфониялық музыкасы
25. Қазақстан композиторлары музыкасындағы камералық-аспаптық шығармашылық.

*Мамандандырылу бойынша сұрақтар (Баян, аккордеон, Кыл кобыз, Прима қобыз, Домбыра, Шертер, домбыра прима, домбыра бас, Сазсырнай, Жетіген, Сыбызғы) :*

1. XX ғасырдың көрнекті орындаушылары (таңдаған мамандық бойынша).
2. Таңдаған мамандық бойынша басты зерттеулер мен еңбектер.
3. Түркітілдес халықтарының туыстас аспаптары (таңдаған мамандық бойынша).
4. Дәстүрлі музыканы үйрету әдістері (таңдаған мамандық бойынша).
5. Қазақ музыкалық фольклоры: өткені мен бүгіні (таңдаған мамандық бойынша).
6. XX ғасырдың композиторлық техникалары мен орындаушылық шеберлік (таңдаған мамандық бойынша).
7. Қазақстанның көрнекті ұжымдарының (оркестрлердің) қалыптасуы (таңдаған мамандығы бойынша). Қазақстанның көрнекті ұжымдарын (оркестрлерді) (таңдаған мамандықта)
8. Кәсіби дағдыларды шыңдау жұмыстарының ерекшеліктері (таңдаған мамандық бойынша).
9. Артикуляциялық-қағыстық мәдениеттің қалыптасуы мен даму мәселелері (таңдаған мамандық бойынша).
10. Орындаушылық өнердегі суырып салма қасиеті (таңдаған мамандық бойынша).
11. Жоғары білім берудегі музыкалық-педагогикалық үдерістің ерекшелігі (таңдаған мамандық бойынша).

12. Орта кәсіби білім берудегі музыкалық-педагогикалық үдерістің ерекшелігі(таңдаған мамандық бойынша).
13. Бастауыш білім берудегі музыкалық-педагогикалық үдерістің ерекшелігі(таңдаған мамандық бойынша).
14. Орындаушының музыкалық шығармамен жұмыс жасау түрлері .
15. Музыкалық шығармамен жұмыс жасаудың негізгі кезеңдері.
16. Еліміздің негізгі орындаушылық ұжымдары мен мәдени орындарына шолу
17. Интерпретация – көркемдік ойлаудың феномені ретінде.
18. Шығарма интерпретациясының қалыптасуындағы жеке аспектілер.
19. Орындаушылық өнер тарихындағы интерпретация (таңдаған мамандықбойынша).
20. Қазақстанның көрнекті орындаушылары.
21. Қазақстанның орындаушылық мектептері (таңдаған мамандық бойынша).
22. Қазақстанның заманауи музыкатануы.
23. Орындаушылық репертуардағы Қазақстан композиторларының ығармалары (таңдаған мамандық бойынша).
24. Музыкалық аспаптар классификациясы. Конструкциясының ерекшеліктеріжәне таңдаған мамандығы бойынша дыбыс шығару.
25. Жоғары білім беру жүйесіндегі орындаушының кәсіби құзіреттілігі.

*Мамандандырылу бойынша сұрақтар (Халық әні, Жыршы) :*

1. Қазақтың дәстүрлі музыкалық мұрасындағы орындаушылық мектептердің (Арқа, Жетісу, Батыс Қазақстан, Сыр өңірі) стильдік ерекшеліктерін салыстырмалы түрде қалай сипаттауға болады?
2. Дәстүрлі ән өнеріндегі әуендік интонация мен мәтіндік құрылым арасындағы өзара байланыс қандай тарихи және эстетикалық заңдылықтарға негізделеді?
3. Музыкалық импровизация жыраулық орындауда атқаратын рөлі.
4. Домбыра қостаудағы пернелік позициялар мен қағыс тәсілдерінің ән мазмұнына әсері.
5. Домбыра қостауы мен әншілік техника арасындағы синхрондылық және оның музыкалық интерпретацияға әсері.
6. Аймақтық әншілік мектептердегі домбыра сүйемелінің стильдік ерекшеліктері қандай тарихи және этномузыкалық факторларға негізделеді?
7. Әншілік орындаушылықта тыныс алудың физиологиялық механизмдерінің жүзеге асуы және оның дыбыс сапасына әсері.
8. Диафрагмалық тыныс алу әдісінің кәсіби әншілердің вокалдық техникасын дамытудағы маңызы.
9. Жыр мәтіні мен әуенінің арасындағы байланыстың құрылуы.
10. Ұзақ және күрделі вокалдық шығармаларды орындау кезінде тыныс алу жүйесінің төзімділігі мен икемділігінің қалыптасуы.

11. Дәстүрлі ән орындаудағы тыныс алу ерекшеліктері мен академиялық вокал техникасындағы тыныс алу тәсілдерінің айырмашылықтары.
12. Жас әншілердің тыныс алу қабілетін қалыптастыруда тиімді әдістемелік тәсілдер.
13. Фонетикалық тұрғыдан қарағанда, тыныс алу мен дыбыс шығару арасындағы үйлесімділіктің қамтамасыз етілуі.
14. Қазақтың дәстүрлі әншілік өнерінде импровизация элементтері қандай формада көрініс табады және ол орындаушының даралық болмысын қалай айқындайды?
15. Халық әндерінің ауызша таралу дәстүрі мен қазіргі жазба дәстүрі арасындағы айырмашылықтар орындаушылық тәжірибеге әсері.
16. XX ғасырдың көрнекті орындаушылары.
17. Дәстүрлі ән өнері бойынша басты зерттеулер мен еңбектер.
18. Түркітілдес халықтардың ән салудағы ортақ тұстары мен айырмашылықтары.
19. Дәстүрлі әнді үйрету әдістеріне арналған еңбектер.
20. Кәсіби дағдыларды шыңдау жұмыстарының ерекшеліктері.
21. Орындаушылық өнердің суырып салма қасиеті қандай?
22. Қазақ дәстүрлі әнін оқытудағы білім беру сатыларының (орта арнаулы, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі) арасындағы сабақтастық қаншалықты сақталған және бұл жүйе орындаушы мамандардың кәсіби деңгейіне қалай әсер етуде?
23. Орындаушының музыкалық шығармамен жұмыс жасау тәсілі.
24. XX ғасырда жеке мектеп қалыптастырған жыршы-жыраулар.
25. Ән талдау жүйесінде жүргізілген ғылыми зерттеулердің методологиялық негіздері мен әдіснамалық ерекшеліктері.
26. Қазақ музыкалық өнерін зерттеуде орын алған тарихи, мәдени және музыкалық контексті ескере отырып, қазіргі ән талдау әдістемелері қандай жаңа бағыттар мен теориялық тұжырымдарды ұсынады?
27. Қазіргі заманғы көрнекті орындаушылардың ұлттық музыка өнеріндегі рөлі.
28. Қазақстанның орындаушылық мектептері.
29. Жыршылар репертуардағы «Тоныкөк», «Күлтегін» жырлары мен Алтын орда, ноғайлы дәуіріндегі шығармаларының алатын орны мен ерекшеліктері.
30. Жыраулық өнерді зерттеген шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері.

### **БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Мамандық бойынша шығармашылық емтиханның ең жоғарғы бағасы 50 баллды құрайды. Ең төменгі өту балы – 25.

– **45-50 балл (өте жақсы)**

Талапкер жарқын музыкалық мәліметтерді, орындаушылық қабілеттерін, стилін, орындаушылық интонациялаудың мәдениетін көрсетуі тиіс. Емтиханның ауызша түрінде талапкер музыкалық, теориялық білімінің, аналитикалық ой-өрісінің кеңдігін көрсетуі абзал.

– **36-44 балл (жақсы)**

Талапкердің орындауы мағыналы, авторлық мәтін нақты оқылған, стилистикалық түрде сақталған. Бірақ бұл ретте ол техникалық еркіндікті көрсетпейді, орындау әртүрлілігі мен сапасымен ерекшеленбейді. Емтиханның ауызша түрінде талапкердің білімі нақты, тақырыпты логикалық тұрғыда айқын, нанымды жеткізе біледі. Дегенмен, музыка тарихы мен теория сұрақтары бойынша түсінігі аз, музыкатанудың кілттік үрдістерін толыққанды білмеуі, өз ойын тұжырымдай алмауы, ойлау қабілеті жүйелі емес.

– **25-35 балл (қанағаттанарлық)**

Орындалатын шығармалардың стилистикасы мен мазмұнын нашар түсіну, музыкалық интонациялаудың мәнерлі құралдарын жеткіліксіз меңгеру (интонация, есту, фразировка, ритм. Емтиханның ауызша түрінде шығармаларды, процестерді талдап жіктеу дағдылары нашар; материал жүйелілігінің логикалық тұрғыдан қарағанда жеткіліксіз болуы; музыка тарихы мен теориясы және әдістемелік мәселелер бойынша білімнің төмен болуы.

– **0-24 балл (қанағаттанарлықсыз)**

Төзімділіктің, бастаманың, ырғақтық ерік-жігердің болмауы, интонациялаудың техникалық және көркем құралдарын нашар меңгеруі, бағдарламаның түсу үшін қажетті деңгейге сәйкес келмеуі. Емтиханның ауызша түрінде талдап жіктеу дағдылары нашар; материал жүйелілігінің логикалық тұрғыдан қарағанда жеткіліксіз болуы.

–